

29 мая в Астане главы Казахстана, России и Беларуси подписали договор о создании ЕАЭС



Договор получился взвешенным, грамотным, учитывающим интересы всех трех государств.

Президенты Казахстана Нурсултан Назарбаев, России Владимир Путин и Беларуси Александр Лукашенко подписали договор о ЕАЭС по итогам заседания высшего Евразийского экономического совета, которое прошло в четверг в Астане, сообщает Zakon.kz со ссылкой на официальный сайт Акорды.

На заседании главы государств также обсудили ключевые направления развития Таможенного союза и Единого экономического пространства, а также вопросы расширения евразийского интеграционного процесса.

Н.Назарбаев отметил, что данная встреча имеет историческое значение для будущего Казахстана, Беларуси и России. «Мы завершили колоссальную работу по подготовке Договора о Евразийском экономическом союзе. Его подписание ознаменует качественно новый этап развития интеграции на евразийском пространстве. Договор получился взвешенным, грамотным, учитывающим интересы всех наших государств, при наличии некоторых споров достигнутый консенсус удовлетворил все стороны. В документе отражены все базовые аспекты, присущие международным организациям, зафиксированы принципы суверенного равенства государств, территориальной целостности, а также уважения особенностей политического устройства государств-членов союза. Важным моментом является то, что принятие решений на всех уровнях организации осуществляется на основе принципа консенсуса. Таким образом, голос каждой стороны будет определяющим», - сказал Глава государства.

Президент Казахстана обратил внимание, что Договор направлен на решение задач по повышению благосостояния граждан трех государств.

«Уверен, что создание Евразийского экономического союза станет мощным стимулом для развития всесторонней модернизации наших экономик, выведения наших стран на ведущие позиции в мире. Все вопросы повестки дня проработаны, и мы готовы к подписанию ключевого Договора. Имеется пункт о присоединении Армении к создаваемому союзу. В свою очередь, Кыргызстан поддержал проект по присоединению к Таможенному союзу, одобренный Советом Евразийской экономической комиссии», - сказал Глава государства.

В своем выступлении Президент Беларуси А.Лукашенко отметил, что нашими странами пройден нелегкий путь к экономической интеграции. «Каждый шаг давался не просто, но мы всегда видели главную цель: сделать так, чтобы наши народы жили в мире и дружбе и могли быть уверены, что развитие и укрепление их государств осуществляется на прочной основе взаимовыгодного сотрудничества. Жизнь



показала, что мы выбрали правильный путь. Для того, чтобы не допустить необратимую дезинтеграцию постсоветского пространства, мы начали с образования СНГ, затем учредили Евразийское экономическое сообщество, создали Таможенный союз, наметили контуры Единого экономического пространства. Сегодня мы вышли на финишную прямую, которая привела нас к Евразийскому экономическому союзу», - сказал Президент Беларуси.

При этом А.Лукашенко отметил наличие возможностей по улучшению положений подписываемого Договора к взаимной выгоде всех его участников.

В свою очередь, Президент России В.Путин подчеркнул, что Договор о Евразийском экономическом союзе выводит наши страны на принципиально новый уровень интеграции, в полной мере сохраняя государственный суверенитет. Российский лидер также отметил символичность подписания Договора в столице Казахстана, так как у истоков идеи Евразийского союза стоял Нурсултан Назарбаев.

«Сегодня мы вместе создаем мощный, притягательный центр экономического развития, крупный региональный рынок, который объединяет более 170 млн. человек. У стран «тройки» - развитая промышленность, индустриальная база, мощный кадровый, интеллектуальный, культурный потенциал. Географическое положение позволяет нам создавать транспортно-логистические маршруты не только регионального, но и глобального значения, «завязывать» на себя масштабные торговые потоки Европы и Азии. Все это - залог конкурентоспособности нашего объединения, его динамичного развития в стремительно меняющемся и сложном мире», - сказал Президент России.

По материалам сайта Zakon.kz

ЕВРАЗИЙСКИЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СОЮЗ – ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

2 стр.

Махамбеттанудың тың парағы

3 бет

«Благодарю родной вуз за поддержку»

4 стр.



Любите ли вы театр?..

6 стр.



Внер қырандарының өрелі жеңісі

9 бет

Халықаралық келісім - берік ынтымақтастық кепілі

18 маусымда Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Сангконгхое университетінің (Оңтүстік Корея) өкілдерімен кездесу өтті.

Оқу ордамызға Сангконгхое университетінің Компьютер және коммуникациялар бөлімінің оқытушысы, PhD докторы Джунг Хунг Ли және Сангконгхое университетінің халықаралық байланыстар бөлімінің басшысы, PhD докторы Ким Сенг Чан келді.

Кездесудің басты мақсаты өзара достастық қарым-қатынасты, ынтымақтастықты өркендетуді көздей отырып, екі университет арасында жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берус саласындағы ынтымақтастық туралы келісім шартқа ресми түрде қол қою болып табылады.

Келісім шартты жүзеге асыру мақсатында екі жақ қосымша келісімдер негізінде бірлескен оқыту бағдарламаларын жасап, жүзеге асыру, екі университетте оқытылатын мамандықтардың және алынған академиялық қорытындылардың эквиваленттілігін мойындау, ғылыми ынтымақтастықтың орнауына қолдау көрсету, ғалымдар алмасу, ғалымдар мен оқытушылардың ғылыми біліктілігін арттыруда өзара көмек көрсету, білім берудің алдыңғы қатарлы әдістерін енгізу мен дамыту бойынша тәжірибе алмасу, жүргізілетін зерттеулер бойынша материалдармен және басылымдармен алмасуға қолдау көрсету, екіжақты біріккен симпозиумдар, семинарлар және ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыру, ғылыми жобалар мен бағдарламалар жасау екі мемлекетті келісуші тараптардың қызметтерінен хабардар етіп отыру, студенттер арасында мәдени байланыстарды кеңейту, жоғары оқу орындар арасындағы достық қатынастарды дамыту бағыттары бойынша жұмыстарды іске асыру жайында сөз болды.

Кездесу соңында М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың факультет декандары да ұсыныстарын ортаға салып, өз ойларын білдірді. Сонымен қатар келген қонақтарға университет мұражайы және IT-технологиялар орталығы көрсетілді.



ЕВРАЗИЙСКИЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СОЮЗ – ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

5 июня в ЗКГУ им. М.Утемисова состоялся круглый стол на тему «Евразийская экономическая интеграция», организованная факультетом экономики и управления, под руководством декана факультета, к.э.н., доцента Г.И.Нестеренко. В мероприятии приняли участие ректор ЗКГУ им. М.Утемисова к.п.н., профессор А.С.Имангалиев, ректорат.



На заседании круглого стола с докладами выступили директор департамента стратегического развития и качества О.В.Юров («Предпосылки интеграции Евразийского пространства»), д.э.н., профессор Л.И.Мергалиева («Участие Казахстана в интеграционных процессах в ЕАЭС: возможности, риски, сценарии»), к.э.н., доцент А.Б.Тлесова («Евразийский экономический союз: преимущества интеграционных процессов»), к.э.н., доцент А.Н.Турченко («Евразийский экономический союз - ступень интеграции»), магистр э.н., ст. препод. А.Ж. Бахтиярова

(«ЕАЭС: вхождение в число высоко развитых стран мира»), студент 3 курса специальности «маркетинг» А.Тресова («Евразийский экономический союз: к новым высотам конкурентоспособности»).

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ - ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА БИГІ

Бұл одақ елімізге экономика тұрғысынан өте тиімді деп ойлаймын. Бұл құжатта Қазақстанның барлық мүддесі ескерілген. Экономикалық интеграция ұлттық мемлекеттілікті нығайтуға, экономиканы дамыту арқылы Қазақстанды бұрынғыдан да тұрақты етуге жағдай жасайды. Меніңше, Қазақстанның Еуразиялық одаққа кіргені елдің қауіпсіздігі үшін аса маңызды болып тұр. Сонымен қатар, біз әлемнің дамыған 30 елінің қатарына енуге ұмтылып отырмыз және де бұл мақсатқа біз өзіміздің көрші мемлекеттермен тығыз байланысымыз арқылы қол жеткізбек ниеттеміз. Соған орай, Еуразиялық одақтың өміршең екендігіне нақты істер арқылы көршілеріміздің көзін жеткізіміз, біздің ең негізгі алға қойған міндетіміздің бірі болып саналады.

Нүргүл ИМАНГАЛИЕВА,
тарих және құқық факультетінің 4 курс студенті



2014 жылдың 29 мамырында Астанада Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мемлекет басшылары бас қосып, Қазақстан, Беларусь Республикаларының және Ресей Федерациясының президенттері Экономикалық одақ туралы шартқа қол қойды. Бұл ел тарихындағы маңызды оқиғаға айналды.

Бұл заман талабы - деді саяси сарапшылар, себебі дүниежүзілік экономикалық дағдарыс, халықаралық саясаттағы шиеленіс, рухани-мәдени дамуға іркіліс Еуразиялық интеграцияларды қажет етеді.

Тарқатып айтар болсақ, 1994 жылы Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде «Еуразиялық одақ идеясының, еуразиялық интеграциясының жаңа перспективаларына» атты дәріс оқып, еуразиялық экономикалық одақ құрудың моделін ұсынып, осы жоба негізінде еркін сауда аймағынан Кеден Одағына, сосын ортақ нарыққа, ең соңында бірыңғай экономикалық одаққа кезең-кезеңмен жылжуды ұсынған болатын. Алайда, бұл ұсыныс кезіндегі Кеңестік империяның қабырғасы сөгіліп жатқан тұста қолдаусыз қалып, бұл жобаға аса мән берілмеді. Дегенмен бұл ықпалдасу әрекетінің әлемдік тәжірибесі бүгінгі қолдау тауып, Елбасының кеменгер саясатын тағы бір дәлелдеді.

Елбасы көп тұста Қазақстанның геосаяси жағдайын, көпұлтты және көпконфессиялы тұрғындарымен ерекшеленетінін тілге тиек етіп отырады. Себебі, Орта Азия мемлекеттерінің бірі - Қазақстан халықаралық терроризм қаупі, діни экстремизм, заңсыз миграция және наркотрафикалық өткел ретіндегі қауіпті аймақ болып саналады. Осындай мәселелерді шешіп алуда Қазақстан халықаралық бірлестіктерде Азиядағы сенімділікті нығайту кеңесі (СВМДА), Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШОС), Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ОДКБ)- біршама жұмыстар жасады. Сондай-ақ халықаралық, мемлекеттік мүдделерді әлемдік деңгейде шешуде, саяси-даулы мәселелерде БҰҰ; ЕО, НАТО, ОБСЕ-де өзіндік артықшылықтарға ие болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ОДКБ-ның Минск саммитінде қауіпсіздікті қамтамасыз етпей, интеграцияны айтудың қажеті жоқ деген болатын.

Қазақстан халқын толеранттылық танытуға шақыра отырып, Елбасы мемлекет қауіпсіздігін, ел бірлігін қамтамасыз етуде шет және көршілес мемлекеттермен достық, татулық қарым-қатынас орнатып келеді.

1991 жылы 17 желтоқсанда Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін танығаннан бері, достық, ынтымақтастық, өзара көмек платформасы қалыптасып, ол оң нәтиже беріп келеді. Елбасының пікірінше, Қазақстан-Ресей қарым-қатынастары сенімділік пен стратегиялық серіктестіктерде жоғары бағаға ие болып отыр.

Еуразиялық Одақ құрылғанға дейінгі Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберіндегі интеграциялық үдерістер, жалпы тауар айналымын арттыру тұрғысынан тиімділік алып келгендігі, саяси, экономикалық талдаудан өтіп, интеграцияланудың тиімді екендігі айтылды. Оған бір ғана мысал, сауда-саттық көлемі 2009 жылы 72 миллиард доллар құраса, 2013 жылы 133 миллиард долларға жеткен.

Еуразиялық Одақтың құрылуының тарихи алғы шартына

Ел тарихындағы тағы бір белес - ЕАЭО-ға кіру

170 миллион адамдық нарықтың орасан зор экономикалық әлеуеті айтылып, интеграция үдерісінің оған қатысушылар үшін де, сырттағы әріптестері үшін де пайдалы екендігін атап өтті.

Қазақстан дипломатиялық корпусының өкілдері, Қазақстан сыртқы істер министрі Е.Ыдырысов ЕАЭО-ның өз жұмысын 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істейтінін хабарлады. Қазақстан – одақтың халықаралық құқықтық субъектіге ие өңірлік экономикалық ұйым ретінде құрылып отырғандығын атап көрсетті. Яғни, бастысы ЕАЭО экономикасында Қазақстан сыртқы саясат ведомствосының басшысы. Бұған дейін жұмыс істеген Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік органдарының арқауында Жоғары кеңес (мемлекет басшылары деңгейінде), Еуразиялық экономикалық комиссия (Кеңес және Алқа), Еуразиялық экономикалық одақ соты сияқты органдар құрылатын болатындығын мәлімдеді.

Үшінші жаһандық индустриялық революция қарсаңында, еуразиялық интеграция біздің еліміздің стратегиялық жағынан дамуын қамтамасыз етеді.

Қарыштап дамып отырған мынау алмағайып уақытта, жаһандық тұрақсыздық – экономикалық дағдарысымен бірге, халықаралық құқықтық, ғаламдық саясат дағдарысына алып келетінін саяси сарапшылар болжап отыр.

Еуразиялық экономикалық одақ құру мәселесінде сан түрлі пікірлер айтылуда. Кейбіреулер пікірінше, қайтадан Кеңестік кеңістікке келеміз бе? - деген үрей де жоқ емес. Әрине бұл тұрғыда Елбасы оған негіз жоқ-деп нық сеніммен айтты. Біріншіден, бұрынғыдай жүйедегі институттық база жоқ, екіншіден дербес, тәуелсіз егемен мемлекеттер құрылды, үшіншіден меншік жүйесі, әлеуметтік құрылым басқаша сипатқа ие болды.


Бұдан жиырма үш жыл бұрын еліміз кеңестік құрсаудан босап, саяси-экономикалық дағдарыс орын алған кезде де, ел алдында сөйлеген сөзінде Елбасы Қазақстанның болашағын жасауда елмен біргемін- дей отырып, сарабал саясат ұстанды. Соның нәтижесі әлемдік саяси сахнадан бүгінгі күні орын алдық. Ел алдында ұстанған саясаты мен экономикалық жоспарлары, стратегиялық бағдарламалардың кезең-кезеңмен атқарылуы, елбасының дұрыс саяси бағытының нәтижесі Экономикалық одақ құру мәселесінде де дұрыс ұстанымда десек қателеспеспіз, өйткені ол Еуразиялық экономикалық одақ құруда мынадай қағидаттардың қатаң сақталуына маңыз берілуін алға тартты.

1. Мемлекеттердің егеменді, теңдігі
2. Аумақтық тұтастығы
3. Саяси құрылым ерекшеліктерін құрметтеу

Мемлекет басшысы интеграциялық еріктілік, теңқұқылық, өзара тиімді, прагматикалық мүдделер ескерілген жағдайда ғана мүмкін екендігін тынбай айтып келеді. Сондықтан Беларусь, Қазақстан және Ресей экономикалық интеграцияның қағидаттары: экономикалық прагматизм, еуразиялық кеңістіктің ашықтығы, дамудың эволюциялылығы, егемендікті сыйлау,

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ - ортақ іс

Жылымыздың 29 мамыры тарихи күндердің біріне айналды. Бұл күн Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің басшылары Еуразиялық одақ құру туралы шартқа қол қоюмен ерекшеленді. Осыдан 20 жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ломоносов атындағы ММУ-де осы идеяны жария еткен болатын. Бұл күні әлемнің барлық БАҚ-ы Астанада қол қойылған тарихи



құжаттың мән-мағынасына ерекше назар аударуда. Экономикалық одақтың ертеңі туралы еліміздің барлық саласындағы тұлғалардың көптеген ой-пікірлері жарық көруде. Онда шағын және орта бизнес, кәсіби іскерлік мәселелері орын алып отыр. Мәселен, құралған одақтан күтілетін пайданың мән-мағынасына келсек, тұтынушылар үшін 2 мемлекеттен келетін сапалы әрі арзан тауарларымен қатар осы одақ аясында сол тұтынушылардың құқығының қорғалуы, келік инфрақұрылымдарының өрістеуі сынды түйінді мәселелерді атауға болады. Үш ел қойған одақтың мазмұны және алатын ролі өте ауқымды. Менің ойымша, бұл шарт аталған мәселелермен қатар ғылым мен білімді және экономикалық қарым-қатынасты күшейтуге кең жол ашады деп бағалаймын. Сонымен қатар, үш мемлекеттің бас қосуының ең бір бастысы қасиетті татулыққа шақыру болып табылуы. Ал мемлекеттер арасында тұрақтылық пен тыныштық қазіргі қоғам үшін өте қажетті мәселе. Іргелес елмен тату-тәтті болу қай жағынан болмасын өте тиімді. Үш ел азаматтарының әл-ауқатын көтеруде одақ үлкен мүмкіндіктерді ашатынына зор сенімділікпен қарауға болады.

Темірғали ҚАЙЫРҒАЛИЕВ,
М.Утемисов атындағы БҚМУ аға оқытушысы

еріктілік, барлық шешімдерді қабылдаудағы тең құқылық қатаң нақтыланды.

Еуразиялық одақ бәсекеге қабілеттіліктің жаңа биіктерін, еуразиялық экономикалық интеграция Қазақстан кәсіпкерлері үшін артықшылықтар мен мүмкіндіктер беріп, экономикалық блок құрып, қатысушы елдердің ұлттық экономикасының нығаюына, ауқымды тұтыну инвестициялық тартымдылығын арттыруға, Қазақстандық кәсіпкерліктің нарығының үш елмен экономикалық қарым-қатынастардағы келіссөздік пен бәсекелестік артықшылықтарын арттырады. Сонымен қатар қозғалыс еркіндігін дамытады, яғни кәсіпкерлерге ЕАЭО-ға қатысушы елдер азаматтарының өз капиталдарын маңыздылығын тәжірибеде дәлелдеуде. Ол өз сөзінде «Кез келген қатысушы мемлекеттің ұлттық құндылықтарының құлдыруына жол бермеу керек. Сол себепті «Білім» экономикасына көшуге, озық технологияларды енгізу мен таратуға, инновациялық дамудың әлеуеттерін тиімді пайдалануға мүмкіндіктер жасады. Бұл орайда, Қазақстан, Ресей және Беларусь елдерінің жоғары, орта, кәсіптік білім туралы дипломдарды өзара тану туралы келісімді жұмыс істеуде. Аталған елдердің жоғары оқу орындарымен академиялық ұтқырлық өз дәрежесінде жүргізілуі үшін үш тілділікті дамыту жолға қойылды. Бұл бағытта Ресей және Қазақстан оқу орындарының ғылыми іс тәжірибеден өтуін қамтамасыз етуде, Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті біршама істер атқарды. Әсіресе, болашақ педагог мамандарды дайындауда, Ресей жоғары оқу орындарымен еріптестік байланыстардың өз дәрежесінде атқарылып отырғандығын, университетіміздің бірінші проректоры Ә.Тасмағамбетов «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақалада баяндаған болатын.

Дегендей, білім-ғылым саласында да интеграциялану жоғары оқу орындарына үлкен жауапкершілік пен міндеттер жүктейді. Сапалы, білікті, саналы мамандар шығару үштік елдер байланыстарында жетекші роль атқарады. Дамыған өнеркәсіп, индустриялық база, қуатты кадрлық, интеллектуалдық, мәдени әлеуеті мықты елдердің бірігіп, Дүниежүзілік сауда ұйымында жетекші роль атқаратынына нық сеніммен қараймыз. Бұл саяси құжат ел тарихының тағы бір белесі ретінде, жарқын болашақтың кілті болады - деп сенеміз!

Ш.А.АЙДАРОВА,
ҚР тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты

31 мая – День памяти жертв политических репрессий

Ничто не забыто

30 мая в ЗКГУ им. М.Утемисова состоялся круглый стол, посвященный Дню памяти жертв политических репрессий, в котором приняли участие заместитель акима ЗКО Б.М.Макен, ректор ЗКГУ А.С.Имангалиев, модератором выступила проректор по воспитательной работе и социальным вопросам Т.М.Даришева.

Открывая круглый стол, Б.Макен в частности сказал, что каждый год в этот день мы вспоминаем наших дедов, павших жертвами политических репрессий. Восстановить справедливость, вернуть им честное имя – наш долг.

Ректор ЗКГУ Асхат Салимович Имангалиев выразил благодарность за участие в университетском мероприятии заместителя акима Б.Макена. Говоря о важности Дня памяти для истории нашей страны, Асхат Салимович сказал о том, что мы являемся свидетелями большого исторического события – подписания 29 мая в Астане главами Казахстана, России и Беларуси трехстороннего договора

о создании ЕАЭС. Более того, Кыргызстан и Армения выразили готовность вступления в данный экономический союз. Его подписание ознаменует качественно новый этап развития интеграции на евразийском пространстве. В конечном итоге цель интеграции в развитии и укреплении дружбы между нашими народами на прочной основе взаимовыгодного сотрудничества.

В работе круглого стола приняли участие заместитель акима города Уральска М.К.Сатыбалдиев, заместитель председателя Ассамблеи народа Казахстана Г.Х.Капаков, руководитель чечено-ингушского КПО «Вайнах» Д.А.Саратов,

ветераны Великой Отечественной войны П.Р.Букаткин, К.Ж.Суюншалиев, ветеран труда М.Ж.Жолдыкайырова, преподаватели и студенты университета.

С докладами выступили старший преподаватель кафедры истории РК, к.и.н. Ш.А.Айдарова – «Қазақ зиялыларының тағдыры және рухани-моральдік дағдарыс», старший преподаватель кафедры истории РК, к.и.н. А.С.Байболсынова – «Шахзада Қаратаева – ұлттық бостандық, теңдік үшін күрескер», студентка 3 курса факультета истории и права, обладатель стипендии им. Н.А.Назарбаева Г.Койланова «Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудағы рөлі».

–В городе много памятных мест, посвященных памяти жертв политических репрессий. Одно из них – здание естественно-географического факультета ЗКГУ, на котором размещена мемориальная доска в память о Шахзаде Каратаевой, невинно пострадавшей в годы сталинских репрессий.

Альфия Байболсынова, тарих ғылымдарының кандидаты, М.Өтемисов атындағы БҚМУ-дың аға оқытушысы:

–1921-1954 жылдары Қазақстанда 100 мыңнан астамы ату жазасына кесілді. Солақай саясаттың құрбандары қатарында халық жауының жарлары, ұрпақтары да болды. Олар Сібірдің суығына тоңып, Қарағанда лагерлерінде жазықсыз азап шекті. Солардың бірі және Қазақстан бойынша атылған жалғыз қазақ қызы, біздің жерлесіміз – Шахзада Шонанова. Ол туралы ҰҚК-ның №06-007 ісінде тіркелген. Келтірілген деректер бойынша әкесі Арон Қаратайбай, жартылай феодал болған. Сондай-ақ оның сол кезде атағы дүркіреп тұрған Бақытжан Қаратаевтың туған інісі екендігі айтылған. Міне, осылардың бәрін құрастырып, ақыры Шахзаданы да құрбандардың біріне айналдырды.

Шолпарн Айдарова, тарих ғылымдарының кандидаты, М.Өтемисов атындағы БҚМУ-дың аға оқытушысы:

– XX ғасырдың басынан бастап патша өкіметінің отарлау саясаты тұсында көзі ашық, көкірегі ояу қазақ жастары ұлт үшін күрес бастады. Олар пенделік қызықтың барлығынан бас тартып, ұлттық мүддені қорғауға өмірлерін арнады. Олардың ойлары мен пікірлері сол кездегі «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналдары арқылы насихатталып отырды. Соңынан осы істері үшін шетінен құғынға ұшырады. Бүгінгі ұрпақ сол ұлылар еңбегін ұмытпай, зерделей түсуі керек. Оған мүмкіндік толық жетеді. Өзім де осы бағытта жиі ізденіп, облыстық мұрағаттан, басқа да дереккөздерінен мәлімет жинап жүрмін.

Махамбеттанудың тың парағы



Алаштың ақтаңгері, халқының қайсар ері атанған жаужүректер қай уақытта да елі үшін еңселі іс атқарған. Шаршы топтағы шайқастары мен намыстан құралған айқастары, көрінген мін таға алмас сегіз қырлы қасиеттері тарих пен әдебиеттің теңізінде екпіні күшті толқын болып оқшауланады. Сондықтан да олар жасаған абыройлы іс – ұрпаққа үлгі. Айтып отырған теңеу сөздерге істерімен дәлел болған қос тұлпар белгілі. Олар – Махамбет пен Исатай. Қос мұңлықтың қиысқан тағдыры қазақ тарихына ерекше ең салып кетті. Бүгін де олардан қалған мұраны көпшілікке насихаттаудан жалықпаймыз.

Ойлы тұлғалар мен жалынды жастарды алақанына сыйғызған оқу ордамыздың атауына сәйкес жарыққа шығып жатқан дүниелері қашан да парасаттылыққа жетелейді. Университетіміздегі бабалар тарихына тағызым еткізер салмақты бастамаларымен жұртшылықтың, студент жастардың құрметіне ие бола бастаған «Махамбет» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен кезекті басқосу өткізілді. Маусымның 10-ы күні, тарих және құқық факультетінің конференцзалында «Махамбеттану және исатайтандудың беймәлім парақтары» тақырыбында өткізілген деңгелек

үстелде мәселе аясында сан қилы мәліметтер ортаға салынды. Модераторлық тізгінді М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, т.ғ.д., профессор Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы алып, алқалы жиынның алғы сөзін бастады. Басқосуда құрметті қонағымыз, медицина ғылымдарының докторы, ҚР Профилактикалық медицина академиясының академигі, профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Алтын медаль иегері Әбісатов Қайыржан Әбісатұлы, өлкетанушы Құрақов Амангелді, ф.ғ.к, профессор Шарабасов Серікқали Ғабдешұлы және «Махамбет» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, п.ғ.д., профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы сынды тұлғалар тақырыпқа қатысты соңғы кезекте табылған дерек-мәліметтерді көпшілік назарына ұсына білді. Кейінгі жастар атынан тарих және құқық факультетінің көшбасшы студенті Гүлнар Қойланова сөз алып, өзіндік жүрекжарды пікірін білдірді.

Түйгеніміз, Махамбет бабамызға байланысты зерттеулермен қатар Исатай ардақтымызға қатысты зерделеу нысанына ілігер тұстардың да қомақты екені байқалады. Қай-қайсысы да елдік мәселелер екені даусыз. Қос дарабоздың қилы өмірінде орын алған ерен еңбектер мен жойқынды жырларымен қоса бізге беймәлім қырлары, бүкпе сырларын аша алсақ, іліміміз артпаса, кемімейтіні сөзсіз.

Мәлдір ЛАТИФОВА,
«Махамбет дауысы» жаршысының тілшісі

Семинар по академическому ранжированию

28 мая в Астане состоялся семинар «Академическое ранжирование образовательных программ» в рамках предстоящего проведения академического рейтинга по образовательным программам бакалавриата в 2014 году. Организаторы семинара – Центр Болонского процесса и академической мобильности МОН РК. Семинар проводился на базе Евразийского Национального университета им. Л. Н. Гумилева. В работе семинара принял участие директор центра стратегического развития и качества ЗКГУ им. М.Утемисова О.В.Юров.

На семинаре были представлены автоматические системы рейтинговой оценки образовательных программ.

Директором центра Р.Г.Сейдахметовой были представлены критерии оценки образовательных программ на основе болонских

принципов, которые включают в себя такие показатели, как качество обучающихся, ППС, уровень интернационализации образования, включают в себя внешнюю и внутреннюю, входящую мобильность ППС и сотрудников, уровень затрат на обучение в вузе, показатели

трудоустройства выпускников, уровень НИР. Для ранжирования образовательных программ создана автоматизированная информационная система, которая будет постоянно действующей, пополняемой, интегрированной с другими базами данных МОН РК, что позволит оперативно, объективно, без лишних затрат проводить ранжирование образовательных программ.

Процедура ранжирования призвана стать методом определения инструментов по выделению образовательных грантов по специальностям вузов.

ЖАНАЛЫҚТАР

► 17 мая в областном краеведческом музее состоялась акция, посвященная Дню музея, в котором приняли участие студенты ЗКГУ. С приветственным словом выступила начальник управления внутренней политики ЗКО А.Есикенова.

► 18 мая в городском парке им. С.М.Кирова прошла акция «Планета цветов», посвященная Дню охраны окружающей среды. От акимата области в адрес руководства ЗКГУ им. М.Утемисова было вручено благодарственное письмо и подарена картина.

► С 26 мая по 8 июня прошли обучение в Национальном центре повышения квалификации «Өрлеу» МОН РК в Алматы сотрудники ЗКГУ им. М.Утемисова руководитель департамента науки и коммерциализации, к.г.н. Э.Ж.Имашев, декан факультета культуры и искусств М.И.Исатаев и заместитель декана естественно-географического факультета А.А.Тургумбаев. Предварительно был пройден первый этап обучения – дистанционно. На курсах повышения квалификации педагогических кадров вузов изучались новые методы инновационных технологий обучения, таких как теория оценки результатов обучения Блума, кейс-технологии обучения, использование новых информационных технологий обучения и т.д. По итогам обучения была проведена защита портфолио по преподавательским дисциплинам.

► 30 мая состоялась научно-практическая конференция, организованная Управлением внутренней политики ЗКО, ЗКГУ им. М.Утемисова, общественным объединением «Союз обществоведов», на тему «Независимость и суверенитет Казахстана в потоке истории (1991-2014 гг.)». На открытии конференции выступили проректор по НР и МС ЗКГУ им. М.Утемисова, доктор исторических наук, профессор А.К.Муктар, декан факультета истории и права ЗКГУ им. М.Утемисова, кандидат исторических наук, доцент З.К.Мухлисова. На конференции были обсуждены вопросы изучения истории Казахстана, прошлое и настоящее в свете новых реалий, а также инновационные методы преподавания в системе образования Республики Казахстан. На пленарном заседании выступили преподаватели, магистранты и студенты факультета истории и права.

Работа конференции была продолжена по четырем секциям, в которых приняли участие преподаватели вузов страны, магистранты, учителя.

► 6 июня в ЗКГУ им. М.Утемисова прошла встреча председателя Комитета промышленности Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан Б.А.Касымбекова с предпринимателями Уральска.

► 13 июня состоялся круглый стол с участием членов клуба «Достық» ЗКГУ им. М.Утемисова, представителей областных этно-культурных объединений, молодежного крыла НДП «НурОтан», студентов, школьников. Организатором мероприятия выступила Ассамблея народа Казахстана по ЗКО. Для собравшихся была организована фотовыставка «Мир вокруг нас» под руководством В.К.Шохиной.

► 20 июня на факультетах ЗКГУ прошли круглые столы по разъяснению вопросов, целей и задач евразийской интеграции, которые вступят в силу с 1 января 2015 года. Лекциями выступили преподаватели факультета экономики и управления.

► Студенты факультета экономики и управления приняли участие в международной деловой игре и конкурсе инновационных бизнес-проектов, который проходил в Тольятти (РФ). Команды ЗКГУ им. М.Утемисова заняли все призовые места - 1, 2 и 3 места. Студентам были вручены сертификаты, ректору ЗКГУ А.С.Имангалиеву и руководителям проекта М.К.Нугмановой и Б.К.Сагиновой были переданы благодарственные письма.

5 июня состоялась торжественная церемония награждения лауреатов конкурса студенческих работ по естественным, техническим и гуманитарным наукам «Ученые будущего», проводимого Фондом Первого Президента.

«Благодарю родной вуз за поддержку»

Основная цель проведения конкурса - стимулирование и поддержка студенческой молодежи на пути их профессионального развития, а также создание организационных условий для раскрытия творческих способностей и научного потенциала студентов, обучающихся в высших учебных заведениях Республики Казахстан, стимулирования учебных заведений в организации научно-исследовательской работы студентов, дальнейшего развития молодежной науки в Казахстане.

Лауреатом конкурса Фонда Первого Президента Нурсултана Назарбаева стала студентка 3 курса специальности «Социология» факультета истории и права ЗКГУ им. М.Утемисова Фариза Бекетова. Это высокая награда, и Фариза по праву может гордиться своим успехом, который также и успех ее преподавателей.

-Мой путь к вершине науки и признания начался осенью прошлого года, когда куратор и научный наставник группы А.Ж.Аменов показал объявление о конкурсе. Из группы 07304 решили участвовать 4 студентки, а именно Айдыналы Гульайым, Орынбаева Гульиис, Казимова Айдана и я, темы выбирали в соответствии со своей специальностью. Все темы были интересные. Тема моей научной работы - «Миграционные настроения жителей ЗКО» - волновала меня давно. Процессы миграции и урбанизации меня, как будущего социолога, поглотила всю. В ходе исследования мною был составлен анкетный вопросник на двух языках. На полевых этапах исследования я изучила областной центр - город Уральск и 4 района (Бурлинский, Теректинский, Зеленовский и Сырымский районы). Результаты исследования были отражены в аналитическом отчете, который и отправили организаторам конкурса. В конце мая нам позвонили и сообщили, что я стала лауреатом вышеназванного конкурса. Правда к радости добавилась паника, так как сессия шла полным ходом и я не знала как поехать. Но благодаря ректору А.С.Имангалиеву, директору А.К. Мухтару и заведующей кафедрой Г.Б.Сулейменовой стало возможно мое участие в награждении.

Научные работы были представлены студентами 23 вузов Казахстана, в том числе: Астаны, Алматы, Аркалыка, Караганды, Павлодара, Тараза Талдыкоргана, Туркестана, Уральска, Шымкента. Конкурс 2014 года, по сравнению с предыдущими годами, помимо широкой географии его участников, имел еще несколько важных особенностей, связанных, в первую очередь, со значительно возросшим интересом студентов и магистрантов к личности Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А.Назарбаева и его роли в становлении казахстанской



государственности, его бурном экономическом росте, в формировании приоритетов, в том числе здоровой Нации, в поддержке развития этнокультурных групп в нашей стране. Для оценки качества и глубины представленных аналитических исследований студентов, была создана отдельная секция в экспертизу работ, в которой проводили наиболее опытные ученые юристы, экономисты, политологи и социологи.

Кроме того, очень важным было увеличение количества работ, представленных студентами на государственном языке (33 научных работы).

Результаты 146 работ (95,4% от общего числа) были опубликованы их авторами в профессиональных научных журналах, а также обсуждены на международных научных конференциях в странах ближнего и дальнего зарубежья (в том числе в Лондоне, Париже, Риме, Мюнхене, Севилье, Праге, Стамбуле, Мумбае, Дели, Токио, Пекине, Урумчи, Сеуле, Куала-Лумпуре и Мельбурне).

В церемонии награждения Лауреатов конкурса приняли участие представители вузов и НИИ, Совет молодых ученых при Фонде. Победителям вручены Дипломы, медали и благодарственные письма научным руководителям студенческих работ.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕ

2014 жылдың 19 мамырында М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің кезекті ректораты өтті.

Ректорат мәжілісінде академиялық мәселелер және Болон процесі жөніндегі департамент директоры Г.С.Қайсағалиева «М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Болон процесі өлшемдерінің орындалуы: мәселелері мен келешегі» мәселелері жөнінде сөз сөйлесе, академиялық ұтқырлық және көп тілді білім беру бөлімінің жетекшісі Ш.Б.Есикенова «БҚМУ-дағы басылым жоспарларының дайындалуы мен орындалуы» және ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Э.Ж.Имашев «М.Өтемисов атындағы БҚМУ мен «Алгоритм» технопаркінің өлкедегі индустриалды-инновациялық дамуды жүзеге асырудағы бірлескен қызметі» тақырыптарында ақпарат берді.

Сонымен қатар ректорат оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі университет ректоры п.ғ.д., профессор А.С.Имангалиев ғылыми кітапхананың кітапханашылары Дінекешова Гүлзада Баритқызы мен Сүлейменова Самал Меңдіханқызына Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының Құрмет грамотасын табыс етті.

2014 жылдың 26 мамырында М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Ғылыми кеңесінің кезекті мәжілісі өтті.

Ғылыми кеңесте бірінші проректор Ө.С.Тасмағамбетов Краснодар мемлекеттік өнер институтының ректоры атынан университет ректоры п.ғ.д., профессор А.С.Имангалиевке Краснодар мемлекеттік өнер институтының «Құрметті профессорының» дипломын табыс етті.

Кеңесте оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Ф.Қ.Жүсіпқалиева «БҚМУ-да оқу үрдісінің жоспарлануы мен ұйымдастырылуы» жөнінде есеп беріп, ғылыми кітапхана директоры Т.Е.Алимбаева «Электронды кітапхананың сервистік мүмкіндігін кеңейту» туралы ақпаратын баяндап, бірнеше ағымдағы мәселелер қаралды.

Айгүл НИЕТОВА,
ғылыми хатшы

Қазақта «Өткен ғұмырда есеп жоқ» деген бар, ол мүмкін өткен дәуірдің қайтып оралмайтындығынан туындаған ой болар, дегенмен де өткен өмірдің өлшемдерін, ұрпаққа қалдырған мұраларын саралап, тарихи жадыны жаңғыртып отыру қажет сыйақты.

Осы мақсатпен 1974 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының «тарих және педагогика» мамандығын тәмамдаған түлектердің 40-жылдан кейінгі кездесуі ұйымдастырылды.

Ұстаздық еңбектен өрілген 40 жыл

М.Өтемисов атындағы БҚМУ ректоратының қолдауымен маусымның 13-күні Республикамыздың әр аймақтарында, Ресей Федерациясы, Украина жерлерінде білім салаларында 40 жыл еңбектенген түлектерді университеттің бірінші проректоры А.С.Тасмағамбетов қабылдап, университет ректоры педагогика ғ.д., академик А.С.Имангалиев атынан құттықтап, барлық қатсушылардың білім саласына сіңірген еңбектері үшін рахмет айтып, бүгінгі университет тұрмысымен таныстырды.

Жер шарының қай ендігі, қай белдеуінде жүрсең де, қайта соғар, сағанышыңды басар темірқазығың туған жер және білім ордасы екендігін осы кездесуде айқын ұғындық.

Түлектер атынан сөз алған В.А.Каренских 70 жылдардағы ұстаздарын еске алып, 1974ж. түлектердің табыс, дәрежелерімен таныстырды, университетке ескерткіш сыйлығын және тарих факультетінің озық студентіне материалдық ынталандыру ретінде сыйлықты табыс етті.

Одан кейін М.Өтемисов БҚМУ профессоры, т.ғ.к. П.Р.Букаткин туралы «Человек-легенда» және «БҚМУ тарихы: бүгінгісі және ертеңі» атты фильмдер көрсетілді, тарих факультеті ұжымымен танысты.

Кездесуге университет ардагерлері Х.Ж.Сүйіншілиев, Н.П.Скачкова, С.К.Шарабасов және факультеттер оқытушылары, студенттер қатысты.

1974 жылы «тарих- педагогика» мамандығын 47 адам бітірді. 70-ші жылдардағы пединституттағы оқу жүйесінің талабы, мазмұны, әдістері өте күрделі болатын. Студенттер арнайы оқу кабинеттері, мен кітапханалар, оқу залдарынан шықпай, барлық уақыттарын сабаққа, семинарға дайындалумен өткізетін. Ол кездегі оқытушылар құрамы да өте білімді, талапшыл адамдардан тұрды. Атап айтқанда Ұлы Отан соғысы ардагері П.Р.Букаткин, В.И.Ивакин, О.И.Гришина, А.И.Белый, С.А.Елеуов, П.П.Елизаров, П.В.Кушаев, Т.З.Рысбеков т.б. П.Р.Букаткин СССР тарихы курсы және «Ұлы Отан соғысы тарихынан» арнайы семинар жүргізді, семинар зачетпен аяқталатын. Талап өте жоғары. Ондаған ғылыми монографиялар, тарихи деректердің мазмұнын жатқа біліп қана зачет алуға болатын. В.И.Ивакин «Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы» курсы жүргізді. Сараток мемлекеттік университетінің тарих факультетінің түлегі Виктор Ивановичтың дәрістері мазмұны күрделі, терең, шынайы академиялық дәрежедегі дәрістер болды.

О.И.Гришина «Ерте дүние тарихы», «Орта ғасырлар тарихы» курстарын оқыды. Ольга Ивановна беделі, атақ-даңқы жер жаратын деуге болады. Ол кісінің дәрістерін біздер әлі күнге дейін сақтап, бүгінгі жұмыстарымызда пайдаланудамыз.

Ғылымда концепция, тұжырым деген түсініктер бар. Батыс Еуропа елдеріндегі феодализм процесінің әлемдік ғылымда қалыптасқан ғылыми тұжырымдарын біз Ольга Ивановадан үйреніп, игердік. Г. В. Кушаев - осы университеттегі археология музейінің негізін қалаған адам. Ондаған студенттер ғылыми баяндамалар даярлап, одақтқ, республикалық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, жүлделер алуы осы ұстазымыздың еңбегі болатын деп есептейміз.

1974 жылы институтты аяқтаған жас мамандар, негізінен, республиканың білім беру жүйелерінде қызмет жасады. Мыс: М. Жумагулов көп жыл мектеп директоры, кейін Бөрлі ауданы оқу бөлімін басқарды. В. А.Каренских 20 жыл Приуралье ауданы оқу бөлімін басқарды, кейіннен Орал қаласында №6 мектеп директоры, қазір № 17 мектеп директоры болып қызметін жалғастыруда. Х.И.Кушаевпен А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институт ректораты шешімімен «СССР тарихы» кафедрасына оқытушылық қызметке қалдырылды. Тарих ғ.кандидаты, доцент, М.Өтемисов атындағы БҚМУ-да кафедра меңгерушісі, факультет деканы дәрежесінде қызмет атқарды, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері медалімен марапатталған. Қазір «Дүниежүзі тарихы және ӘСП-кафедрасында доцент дәрежесінде педагогикалық қызметін жалғастыруда. Осы жоғарғы аталған 3 адам - институтты үздік дипломмен аяқтағандар.

Батыс Қазақстан облысы аудандарында өте талантты орта дәрежелі білім жүйесін ұйымдастырушылар болды. Солардың ішінде С.Л.Утарова 1981 жылы «Құрмет белгісі» ордені, 1984 жылы «Білім беру ісінің үздігі» атақтарын алған. 2000-2011 жж. Сырым ауданы Ж.Досмұхамедов атындағы орта мектеп директоры, Сырым аудандық маслихат депутаты болған. Осыдан артық қандай дәреже, құрмет, қажырлы еңбек болуы мүмкін. Мусаев Қ. - Қызылорда облысының Қазалы ауданында Кәсіби білім беру колледжінде көп жыл директор қызметін атқарды, қазір зейнеткер, әлі де жастарды тәрбиелеуге белсене қатысып жүр. Күләш Мергенбаева Қазалы ауданы № 226 Б.К.Мергенбаев атындағы гимназияда 1993-2009 жж., 2009-2013 жж. № 249 мектеп лицейде директор болған. Еңбегі де өте жоғары дәрежеде бағаланған. Оған мысал төмендегі деректер. 1993 ж. «Құрмет белгісі» орденімен, Ы.Алтынсарин атындағы медалімен, «Ерең еңбегі үшін» медалімен және ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығына байланысты юбилей медалімен, «Халықаралық Үлкен энциклопедия» медалімен, «Батыр Шапағаты» атындағы Б.Момышұлы медалімен, Европаның ғылыми-өндірістік палатасының алтын медалімен (2012 ж.)

марапатталған. Парижде өткен «Басшыларды ұлықтау» рәсіміне шақырылып, «Үздік басшы» номинациясын жеңіп алған. 2005 жылы Республикалық «Халықаралық директорлар конкурсы»-нда «Жыл директоры» номинациясын жеңіп алған. Ғылыми-педагогикалық салада еңбектер, методикалық құралдар даярлап, Американдық ғылыми фондының грантын ұтып алған. Бұны Республика тарихының, А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институт тарихының алтын беттерінің бірі деп есептеуге болады. Бақыт Мырзағалиева Фурманов ауданы атқарушы органдарында жауапты жұмыстарда болып, селолық Кеңес төрағасы және мектеп директоры қызметтерін атқарды. Д.Гумарова, Т.Ю. Рыхлова, Н.Н. Капранова, Л.А.Широких, З.Матаева - мектеп директоры, тарих пәндері оқытушысы дәрежесінде 40 жылдан астам еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. Т.И.Горячева облыстық білім беру басқармасында көп жылдар бойында жауапты қызметтер атқарды.

1974 ж. түлектер Ресей Федерациясында, Украинада, т.б. елдерде еңбек етуде. Мыс: В. Кригер - Ресей Федерациясы Волгоград қаласындағы университетте қызмет жасап, қазір тарих ғылымдарының докторы, профессор дәрежесінде еңбек жолын жалғастыруда.

1974 жылғы түлектердің бірі өзіндік адами қадір-қасиетімен, білімділігімен ерекшеленетін, зерек, қалам ұстап жазуға да бейімі бар Сақыпжамал Абілхатина болатын. 40 жыл бойы Қазталовка ауданы орта мектептерінде жұмыс жасап, 1988 жылы «ҚазақСРР оқу ісі үздігі» медальмен марапатталған. Сақыпжамал - оқытушылық қызметін өлке тарихын зерттеумен қатар алып жүріп «Қазталовка шежіресі»; «Ұстазым менің ұстазым» (оқу ағарту саласының қайраткерлерінің тарихы) және 1864 жылы ашылған «Алма Оразбаева атындағы орта мектеп тарихы» сияқты еңбектердің авторы.

А.С.Смагулова Арқалық Ақтөбе облыстарындағы жоғары оқу орындарында қызмет жасады. Бүгінгі таңда Ақтөбедегі К. Жұбанов атындағы өңірлік мемлекеттік университетте 2006-2009 жж. Құқық факультеті деканы кейіннен кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. Заң ғылымдары кандидаты. 2005 жылы шыққан «Қазақ әдеп- ғұрып құқығындағы мұра мен мұрагерлік» монографиясы тарихи, құқықтық сананы оятатын, мұраға ие болуда жауапкершілікке, ізгілік пен имандылыққа тәрбиелейтін тәуелсіз Қазақстан құқықтық саласының жұмысын жетілдіру, азаматтық қоғамды қалыптастырудың принциптерін анықтау сияқты міндеттерді шешуде қолданысқа қажет еңбек деп есептейміз. Жалпыға білім беру орта мектептерінде 40 жыл табан аудармай қызмет жасаған Қ.Каймулдина, Б.Бакирова, М.Мамбешова есімдерін мақтаншыпен атаймыз.

На концерте выступили гости из далекой Москвы - сестры Светлана и Вероника Аптекарь-Айнагуловы. В их исполнении ансамблем в четыре руки на фортепиано Испанский танец Мануэля де Фальи прозвучал великолепно, что конечно же оценили слушатели долго несмолкающими бурными аплодисментами.

На концерте прозвучало много произведений ранее не известных авторов, одним из таких номеров стало Адажио из сонаты прусского императора Фридриха-II. И конечно же порадовали зрителей сочинения современных авторов – пьеса казахстанского композитора Киберовой «На джайляу» и замечательная джазовая композиция Гарнера «В тумане». Завершили концерт «Шоу босанова» Джонса и «Ватра» Маткейчука в неподражаемом исполнении любимого всеми горожанами городского духового оркестра под руководством Олега Ярикова. В эмоциональной и колоритной молдавской народной мелодии «Ватра», ярко прозвучала партия солирующей флейты-пикколо.

Хочется пожелать Владимиру Баяндину много благодарных слушателей, талантливых учеников и дальнейших творческих успехов.

У.А.МЫНБАЕВА,

старший преподаватель кафедры «Вокал и инструментальное искусство» ЗКГУ им. М. Утемисова




С 1989 года и по сей день В.А.Баяндин работает в одном из старейших музыкальных учебных заведений Казахстана – Уральском государственном музыкальном училище. С тех пор из класса преподавателя Баяндина выпустилось около 20 лауреатов Республиканских конкурсов.

Одним из наиболее важных творческих достижений артиста стало создание ансамбля классической музыки. Благодаря этому творческому коллективу многие годы уральцы наслаждаются замечательной «живой» музыкой.

Начало года Владимир Олегович отметил своим юбилейным концертом, прошедшим в одном из лучших концертных залов города – в зале филармонии им.Г.Курмангалиева.

Шешендік тағылымы мол ғалым еңбегі

Жақында ғана М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің баспасынан профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының «Шешендіктану» атты оқу құралының өңделіп, толықтырылған екінші басылымы жарық көрді. Аталмыш оқу құралын баспаға Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР Білім және ғылым министрлігінің республикалық оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған (2013 ж., 28 мамыр, №3 хаттама). Көлемі – 13,0 баспа табақ. Оқу құралы филология, тарих бөлімі мамандықтарында оқитын студенттерге арналған. Оқу құралында ғалым шешендіктану негіздерін қарастыра келе, шешен сөйлеу мәдениетіне баулу қағидаларына, аталған ілімнің сан салалы иірімдеріне терең бойлаған. Шешендіктану саласына сериалды кітаптар жазған еңбекқор ұстазымыз күні кеше ғана еңселі елу жасқа толғанды. Ұстазымызды мақтанаш ете отырып, кейінгі жас ұрпақты ата дәстүріміз шешендікке баулыр еңбектің авторы жөнінде бірер шәкірті ізбасарлық сөзімізді қоса айтуды жөн санадық.



Нағыз ұстаз өз шәкіртінің жүрегінің төрінен орын ала біледі, өз шәкіртіне оң бағыт сілтеп, болашақ өміріне даңғыл жол салады. Өмірдегі жетістікке жалғыз өзі ғана жетіп қоймай, сол биікке өз шәкірттерін де бірге жетелейді. Әрине, бұл жолда көп қиындықтарды басып өтуге тура келмек, бірақ қайсар ұстаздың ақылы оларды жеңуде жәрдем болмақ. «Жақсылың жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, бұл айтылған қасиеттер Абат Сатыбайұлының бойынан табылады десек, қателеспеген болар едік.

Отсыдан 15 жыл бұрын университет қабырғасында жүріп Абат Сатыбайұлының жетекшілігімен дипломдық жұмысымды қорғадым. Жұмысымның нәтижесіне риза болған ұстазым ақыл-кеңесін айтып, ғылым жолын таңдауыма түрткі болды. Бүгінгі таңда өзім қол жеткен жетістіктерімнің тікелей себепкері ұстазым Абат Сатыбайұлы деп нық сеніммен айта аламын. Бір мен емес, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Тілдерді оқытудың практикалық курсы» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты Құсайынова Дина Жақсығалиқызы да ол кісіні ұстаз санап, пір тұтады.

Абат Сатыбайұлының тікелей жетекшілігімен педагогика ғылымдарының кандидаты атағын қорғаған шәкірттері Мұқанбеталиев Әскен Самұратұлы – бүгінде Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде «Қазақ және орыс тілдері» кафедрасының меңгерушісі болса, Әжіғалиев Марат Қайыржанұлы – Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінің «Филология» кафедрасының меңгерушісі. Сондай-ақ, ұстаз-ғалымның жетекшілігімен 8 магистр филология, педагогика ғылымдары бойынша өзекті тақырыптарда магистрлік диссертацияларын сәтті қорғап, ізденіс жұмыстарын ілгері жалғастыруда. Демек, профессор Абат Сатыбайұлының дәріс оқи жүріп, ғылымға талабы бар жастарды жазбай танып, ізденіске баулуы, қаламын ұштай түсуі шын мәнінде ұстаздық қасиеті емес пе!..

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» деп бекер айтылмаған. Өзі көтерілген биікке артынан ілескен шәкірттерін де жолға тастамай жоғары тартуы шын мәніндегі ұстаздың ғана қолынан келетін іс. Ол кісінің бойында үйреніп, үлгі тұтарлықтай қасиеттері өте мол. Талапшылдығы, пунктуалдығы, ізденімпаздығы, еңбекқорлығы, мұқияттылығы тәрізді қасиеттері ол кісінің ғылым жолында зор нәтижелерге қол жеткізуіне көмектесіп келеді. Абат Сатыбайұлы – шешендіктануды оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша тың мәселелерді сөз еткен ғалым. Ол шешендіктану теориясын ғылыми тұрғыдан жүйелеп, оның әдістемесін де жазып шықты. Ғалым 2001 жылы «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын республикамызда алғашқы болып қорғады. Осы салаға қатысты «Шешендіктану: теориясы мен практикасы», «Шешендіктануды оқыту әдістемесі», т.б. оқу құралдары баспадан жарық көрді. Демек, Абат Сатыбайұлы әдістеме саласында шешендіктануды оқытудың теориясының негізін қалаған алғашқы әдіскер-ғалым. Ғалымның ғылымдағы бұл табысы ресейлік ғалымдар тарапынан да қолдау тауып, Абат Сатыбайұлы 2009 жылы Мәскеу қаласындағы Ресей Риторикалық қауымдастығының мүшесі ретінде қабылданды. Аталған салада ғалым-ұстаздың жетекшілігімен қорғалған дипломдық ғылыми жұмыстардың өзі бір төбе.

Қысқасы, ұстазымыз Абат Сатыбайұлының жеке басына тән сабырлық пен қажыр-қайратының арқасында жеткен жетістіктері кімге болса да үлгі тұтарлықтай. Мерейлі жастағы ғалым-ұстазымыздың қазақ ғылымына берері әлі де көп екендігі даусыз.

Айгүл РАМАНОВА,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты

“Махамбет” ғылыми-зерттеу орталығының жаршысы



МАХАМБЕТ

(Голос Махамбета - Makhambet's voice)

дауысы

Аз сөйлер де көп тыңдар,
Қас асылдың баласы.

№ 3(9), маусым, 2014 жыл

Патриот маман болуға арналған шеберлік сағаты



Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар ретінде ел тәуелсіздігі мен Астанасы; ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам мен руханият; индустрияландыру мен инновацияға негізделген экономикалық өсім; еңбек; тарих, мәдениет, тіл; ұлттық қауіпсіздік, бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуды баса атайды. Осы құндылықтар арқасында жеңіске қол жеткізіп, елімізді нығайтып, ұлы жетістіктерімізде еселегенімізді, жаңа ұлттық патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы жалпыұлттық құндылықтардан бастау аларын көрегенділікпен межелей білуі кеудеге қуаныш толтырады. Елбасының «Мәңгілік ел» патриоттық идеясын іс жүзінде жүзеге асыру бағытында университетімізде кешенді шаралар ғылыми негізде ұйымдастырылуда. Білім ордасының студенттеріне ордалы ой қосқан сондай шараның бірі – «Махамбет баба мектебі - ұлттық патриоттық тәлім» (Ақын шығармашылығына негізделген тіл сабақтарындағы кешенді тіл ұстарту тренингтерінің фрагменттері) тақырыбындағы профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың шеберлік класы. Аталмыш шараны мамыр айының 5-сі күні «VI Махамбет оқуларына» орайластыра «Махамбет» ХФЗО ұйымдастырды. Шеберлік класының кіріспе сөзін конференция қонағы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Махамбет атындағы республикалық сыйлықтың иегері, ақын Қойшығұл Әмірұлы Жылқышиев алып, махамбеттанудың қыр-сырына бойлай келе, студенттер тарапынан қолға алынған ізденістердің құндылығына ризашылығын білдіріп, елін сүйген тұлға ғана ерлік істейтініне тоқталды. Аталмыш шеберлік класының алғашқы бөлімінде студенттер Махамбет ақын өлеңдерін қазақ, орыс, ағылшын, түрік, қытай тілдерінде нақышына келтіре, образға ене оқып, аудиторияға ерекше эстетика сыйлап, тыңдаушылардың құлақ құрышын қандырды. Одан әрі шеберлік класының модераторы, профессор А.С.Қыдыршаевтың нұсқауымен тренинг тренерлері Нұржауған Берекенова (02302-топ), Ольга Рапацкая

(02207), Райхан Кенжебай (02303), Айнұр Игібаева (02305), Гүлсая Шынтемірова (02304), Нұргүл Қаблан (02305), Ділдә Абатова (02302) бастаған 3 курс студенттері, келешек тіл мамандары дүлдүл ақын Махамбет шығармашылығына негізделген кешенді тіл ұстарту тренингтерінің фрагменттеріне (Тұлға моделін құрастыру, сөзжұмбақ, ребус, эссе, ақын сөздігі, тіл сабағындағы сурет, танымдық тапсырма, анаграмма, ұйқас өлеңдер құрастыру, ойтолғақ, рецензия, әзіл өлең, реферат, синонимдер сөздігі, фантастикалық новелла, патриоттық тіркестер (ұрпаққа арнау), мақал-мәтелдер шоғыры, проблемалық жағдаят, аударма нұсқалары, фразеологизмдер топтамасы, афоризмдер қолданысы, өлеңдер циклі, кроссворд, криптограмма құрастыру, тіл дамыту тренингтері, т.б.) кезек берді.

Мақсат – әр студентке сапалы ой тудырып, алған теориялық білімін практикамен байланыстыру, болашақ мамандарды мамандықтарына сәйкес кәсіби іскерлікке баулу. Осы бағыттағы білік-дағдыларды игеруге талпынған студенттер шеберлік класында ерекше белсенділік танытты. Бір ғажыбы студенттердің алдын-ала берілген тапсырмаға сәйкесті әзірлеген тренинг фрагменттері жеке жинақ ретінде баспадан жарық көрмек. Махамбет баба мектебінің тағылымында туындаған шеберлік класының соңында іске шығармашылық тұрғыда келе білген патриот студенттерге орталық сертификаттары табыс етілді.

Махамбеттің «Туған ұлдан не пайда, қолына найза алмаса, атаның жолын қумаса» деген жебелі жыр жолдары бар. «Найза» сөзінің мынау бейбіт заманда тура мағынада қолданылуын басқа бермесін. Ал, біздің қазіргі «найзадай» қаруымыз – ажарлы ақыл, қайрақты намыс, мызғымас жігер, бәсекеге қабілетті білім. Көпшілік назарына ұсынылған шеберлік класының да тілге тиек еткені осы жайт. Өрбір патриот студентіміз жұртшылықтың алдында жасқанбай, ақиқатты астарлай сөйлей білсе, алар асуларымыздың аласармасы даусыз. Біздіңше, университет студенттерінің көкейіне асыл сөз үзкітерін себе білетін тағылымға толы іс-шаралар ауқымы кеңейе түссе нұр үстіне нұр.

Мәлдір ЛАТИФОВА,

«Махамбет дауысы» жаршысының тілшісі

■ Студент туындысы

Батыр баба рухы

(новелла)

Алла үйінде шырқалған имамның сазына иіген халықтай, аудиторияда дәріс оқыған оқытушының қоңыр дауысы елітіп, ұйып тыңдап отырған студенттер үстіне тас түсіргендей есікті жұлқи ашып, біреу кірді. Салдыр-гүлдір еткен оның киіміне көз тастамау осы сәт мүмкін емес еді. Басында кәдімгі батырлар жырында айтылатын дулыға, сауыт киген, иығында асулы қылыш бар. Бір қызығы бұл кісінің үстіне киген киім барлығына таныс, ол мұражайда ешкімнің аса назарына іліге қоймаған, батырдың киімі. Ал ең қызығы оны дәл қазір киіп тұрған адам өмірде батыр болмақ түгілі, шыбыннан қорқатын өзіміздің Мерген. Аудиториядағы студенттер әуелі аңтарылып қалса да, кейін бар мән-жайға қанық болған соң, ішектері үзілдердей күлді. Біреулері: - Мерген, немене жынданғанбысың?

- Өй, ол бұрыннан есі кіресілі-шығасылы еді, сорлы әбден сорлаған екен!-десті. Бірақ Мерген бұрынғыша көзін сықитып, маржандай тістерін ақсита күлген жоқ. Қайта қабағы қатуланып, көзі от шашып тұрды. Дәл қазір маңына жолаған кез-келген адамды күл қылып жіберуге дайын еді. Ал мұның астарына өткен күні болған оқиға себеп.

Аппақ қардай денесін жел тимеген, нәзік те сүйікті ұзын саусақтары жастығын қапсыра құшақтап, Мерген қамсыз ұйқыда жатты. Безділдеуік безбүйрек шырылдап оятпады бүгін. Көктем таңы атып, терезе әйнегінен күн сәулесі сызыла түскен кезде бөлме ішін жылулық пен мейірімділікке ұқсас тылсым күш билеп жатты. Мерген ол кезде де маужырап ұйқысынан ояна қоймады. Дүние астан-кестен болып, төңкеріліп жатырса да, өзінің оянатын түрі байқалмады. Мазасыздықты тудыратын мазасыз адам бөлме есігін ашып, шәкілдеп кеп, бұны бүйірінен түйгіштеп оятуға қам жасағанда барып, ол оң жақ қапталына аудырылып түсті. Жіпсиген көздерін уқалап, мысықша керілгенде арық денесі одан сайын ұзарып кеткендей.

Мерген-он тоғыз жасар студент. Оқу оқып, білім, ғылым қуып бас қатырып жүргені шамалы, тек әйтеуір көшедегі аяқ-кіім тоздырушылардың қатарынан. Қос құлағын тығындап алып, шашын қыздарша өсіріп, кең маңдайының бір бөлігін жасырып, бұтына тыртыған шалбар киіп, үстіне онсызда арық денесін одан әрі шидей етіп көрсететін бүгінгі тілімен айтқанда «футболка» киіп жүреді. Жарықтықтың жүрісінде ер адамға сай бір тамшы қасиет жоқ, қайта сызылып, аяғын санап басып, қыздарша қылық танытады. Сол жүрісіне салып, жайбырақат келе жатырған Мерген орталық көшенің қиылысымен өте бергені сол оң жақ қапталынан қарайып бір нәрсе өзіне қарай жақындап келетінін байқады. Қара көлеңке бір уақытта қарсы алдына тұра қалды. Мергеннің зәресі зәр түбіне кетті.

- Сен!-деді әлгі көлеңке зілді үнмен тіл қатып, қазақтың маңдайының соры! Азған ұрпақ!

- Ссі-і-з...кімсіз?

- Өй, өңшең азғын! Сенің ата-бабаңмын!-деді. Мерген сол кезде барып, өзінің Махамбет батырдың ескерткіші жанынан өтіп бара жатқанын ұғынды. Ұғынғанымен өзін әлі де өң мен түсін ажырата алмай дал болып тұрды.

Кеш түсе Мерген үйіне қайтты. Аяғы талып, зілдей тас байлап алғандай ауыр тартады. Енді біреу қадам да аттарға қауқары жоқ. Керуетіне жет тағандап барып құлады. Денесі дел-сал күйде... Ұйқыда жатқан Мергеннің бөлмесіне есікті жарып өтіп қара көлеңке кірді. Суреті жоқ сұлбасы ғана бар мұрын пыс-пыс етіп дем алады. Қара көлеңке Мерген денесіне қарай еңкейді, ұйқыда жатқан дене кенет бұлқынып, керуетке сыймай кетті...

Кіре берісте сұстып тұрып қалған Мергенге оқытушы сабырлы үнімен:

- Киіміңді ауыстырып кел, қалжыңды түсіндік. Содан кейін сабақ тапсыр деді. Тіл қатайын деді де Мерген тәніндегі Махамбет жаны үнсіз қалды. Мына өмір, өткен күннен бір тамшы да із қалмапты, барлығы өзгеріпті, әлгілердің киімі кісі де бөлек. Өзін басқа әлемге түскенін анық сезді. Еңсесі түскен батыр дәлізбен жүріп сыртқа шықты. Көше кезіп келеді. Дөңгеленген дүние жалғасын тауып, сырғыған уақытқа бағынған адамдар тіршілік қамымен сандалып жүр. Төрт доңғалақты, төбесі жабық арбалар қаптаған. Махамбет ұзақ ойланды. Өзінің ақыры мына әлемде өмір сүре алмасын ұқты, қайтпақшы болған ол кенет өзінің жаны тұрақтаған Мергеннің өмірін ойлады. Өмірде дәл бүгінгідей меңіреу қалпы жүре беретін болса не болмақ?!

Бәлкім сиқыр дер біреулер, ал кейбірі жай өзі өзгерді дер, кей адам мән де бермес, бірақ сол күннен бері Мерген мүлдем басқа жан болып өмір сүреді. Бұрынғы қыздай сызылған жүрісінен ешқандай із жоқ, сабырлы адымдайды, ілмуген иықтары іріленгендей, еңселі ер азамат болыпты. Қазір қаладағы бар кітапхананың табалдырығын тоздырып, бас алмай кітап оқиды, шұқшыып бір нәрсе жазып отырады. Көп ойланып, бұрынғыша орынсыз күлмейді. Өмір жайлы толғанады. Тіпті өз пікірін шаршы топтың алдында жайып салады. Бұрын Мергенді мазақа айналдырып жүретіндер, қазір одан үлгі алады. Оның аузынан шыққан әрбір сөз де кішкентай болса да ақыл, даналық лебі байқалады. Иә...Өмір ғажап қой! Бірде сүріндіреді, бірде сүйсіндіреді. Күлдіріп тұрып жылатады, жылата тұрып күлдіреді...

Қас қарайып қалған шақ, Мерген орталық көшемен жүріп келеді. Оң жақ қапталында ерлік пен ерліктің айнасы, қазақтың маңдайына біткен жарқын жұлдызы, ер рухты Махамбет батыр ескерткіші тұр. Бүгін көзіне ерекше түсті, бұрын-соңды осы көшеден қанша өтсе де, дәл бүгінгідей оның қасиеттілігін ешқашан сезінбепті. Ал Мергеннің дәл осылай өзгеруіне не себеп болды?..

Әйгерім САРСАНОВА,

02305-топ студенті,

«Филология: қазақ тілі» мамандығы)



Сөз анасы – құлақ, су анасы – булақ, қол анасы – таяқ.

Шешендік мектебі

(Школа ораторского искусства - School of oratory)

Сырым Датұлы атындағы шешендік өнерге баулу бірлестігінің жаршысы

№ 3(7), маусым, 2014 жыл

Көшбасшы тұлға сөйлеу мәдениеті

Аудиториямызды тани білеміз бе?

Шешендік теориясының білгірі А.Ф.Кониға сүйене ой - өреск, тыңдаушылардың назарын аудару үшін, қысқалық, ширақ сөйлеу, көңілді сергітетін қысқа қайырым-шегіністер болса нұр үстіне нұр. Тілдік қарым-қатынастың қай-қайсысы да сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы байланысты аңғартады. Осыдан туындатсақ, сөз сөйлеушінің міндеті-аудиторияны тыңдата білу. Осы себептен де сөйлеуге даярлануды бастамас бұрын, аудиторияны зерттеп алудың өте маңыздылығын баса айтқан болар едік.

Біздіңше, көшбасшы іскер студенттің сөз сөйлер алдында өзіне қояр сериалды сауалдары болғаны жөн. Мәселен, сөйлеуші тарапынан айтылар мәселелер аудиторияға не себептен қызықты болуы мүмкін? Бұл неден көрінбек? Бұған дәлеліміз қайсы? Олар сөз сөйлеушіні тыңдағысы келе ме? Әлде белгілі бір қажеттіліктен не тіпті амалсыздан келіп отыр ма? Олардың сөз сөйлеуші туралы ойлары қандай? Сөйлеу барысында аудиторияның пікірін өзгертуге тура келе ме? Сөйленер сөздің тақырыбы туралы олар қандай ойда? Олардың бәрі бір деңгейлес ойлай ма? Тыңдаушылардың көңіл-күйі қалай болуы мүмкін? Бұл сауалды сөз сөйленер күні қайтара қою дұрыс, сөйкесінше сол күнгі аса қажетті жаңалықтарды тыңдаңыз. Бір ескерері, сөз сөйлеуші қателесуді жоққа шығара алмасы анық. Сондай-ақ, сауалдар сапына шешім қабылдау үшін шешен сөзі қаншалықты маңызды? Олар шешеннен не күтеді? Сөз сөйлеуші аудиториядан не күтеді? Қандай жауаптар қайтарулы не іс-әрекеттер болуы мүмкін?

Ащы да болса шындық, қашан да тыңдаушылар арасында бізге беймәлім жасырын тұрғыдағы жоспарлы негізгі идеямызға кереағар қарсыластардың болуы әбден мүмкін. Сөз сөйлеу сәтті өткен сайын, жасырын қарсы тұрудың бас көтеруі әбден ықтимал. Бұл ретте негізгі идеяға кім қарсы келуі мүмкін? Олар: тікелей қатысты болмаса да, қозғалған кейбір мәселеге қатысы бар адамдар; ұсынылып отырған іс-әрекеттерден өздері үшін немесе өздерінің саласы үшін қауіп күтетін адамдар; тікелей бәсекелес адамдар.

Аудитория тарапынан жағымсыз қабылдау боларын алдын-ала ескерген жағдайда не істеген жөн? Бұндай жағдайда сөйлеу кезінде туындауы мүмкін жағымсыз сауалдарды мейлінше көбірек анықтай келе, оларға жауап берілген жөн. Тыңдаушылар тарапынан қойылуы мүмкін сауалдарды алдын-ала болжай білген орынды. Егер де сөз сөйлеу сәтті олардың идеясына қарсы келер болса, онда жоғарғы айтылған қос ұстанымды да қатар ескеруге ұмтылғайсыз. Сөйлеу сәтінде тыңдаушылардың білгісі келген тұстарын қанағаттандыра алмасаңыз, онда сұрақтарға жауап беруге даяр болғайсыз. Сөзіңізді (әсіресе, саяси тақырыпта сөйлесеңіз) сыни ескертпелермен бөлуі әбден мүмкін екендігіне даяр болыңыз.

Сондай-ақ жасырын жоспарлы әрекеттің болуы әбден мүмкін. Іскерлік шағын мәжілістерге қатысатын адамдардың көбіне-көп нақты іс-әрекеттен тұратын жоспары болуы тиіс. Шағын топпен презентация жасауда, не олардың алдында сөз сөйлеуде, не іскерлік мәжілістерге қатысу үстінде онда кімдердің болатындығы; тыңдаушылардың қандай ерекшеліктері барлығы, қандай мәселелер туралы қам жейтіндігі; жекелей алғанда әрбір топ мүшесі неге қол жеткізгісі келетіндігі (Атақ-даңққа ма? Билікке ме? Белгілі бір жауапкершілікке ме? Еңбекақының өсуіне ме? т.б.); кейбіреулерге қауіп-қатер туғызарлық осы орайлас сезімге келтірер жағдайға ыңғай берілді ме? Жасырын жоспарлы әрекетке қарсы не істеу керек? Сөз сөйлеу үстінде мүмкіндігінше олардың жасырын жоспарларына қатысты үн қату (яғни, «мұның, әсіресе, сізге қатысты екендігін бәріміз де түсінеміз. Осы жоба бойынша сіздің көрсеткен көмегіңізді шын мәнінде жоғары бағалаймыз» тұрғысында). Мүмкіндігінше қамқорсуды азайтып, тыңдаушылардың эгоистік пиғылдарын қанағаттандыруға да орын бөлу артық емес екендігін ескеру жөн.

Айтылғандарға қосымша бұл орайда олқылау тұсымызды байқап қалатын не бізге мән бермей қарайтын (місе тұтпайтын) адамның алдыңыздан шығарына күнілгері даяр болу керек. Пікірталастың инициативасын жалқы біреудің өз ыңғайына қарай бұрып өкетеуіне мүмкіндік бермеген жөн. Негізгі мәселеге қайтара оралып отырған дұрыс болар еді. Өз бағыт-бағдарын жақсарту мақсатында сөз сөйлеушіні ыңғайсыз жағдайға қалдыруға тырысып бағар адамдармен бетпе-бет келуге өзін болу жөн. Егер де тыңдаушылардың лауазымдары жоғары, өзіндік салмақты орындары бар екендігі туралы алдын-ала айтсаңыз, олар сөзді бұза қоймасы анық. Десек те, қорғануды естен шығармау жөн. Қашан да салқынқанды қалыпта қалу тиімді. Өзіңіз мүлдем күтпеген қарсыласыңыздың іс-әрекетіне даяр болу, қашан да байсалды қалыпта бола білу, мәдениетті түрде күн тәртібіне оралуды өтіну орынды болмақ.

Жасырын іс-әрекетке қарсы жоспар жөнінде айтар болсақ, бұл ретте мәжілісті қашан және қайда өткізсек те, онда кімдер болатындығын ойлану; Оларда қандай жасырын жоспарлы іс-әрекет болуы мүмкіндігін ескеру, олардың күн тәртібінен тыс нендей мәселелер туралы сұрауы мүмкіндігін де аңғару керек-ақ.

Сөйлеу сәтіндегі аудиторияны бағалау аса маңызды. Аудиторияны бағалау үшін өзіңізге бірқатар сұрақтар қоюдың еш артықтығы жоқ. Мәселен, Топ соншама ұланғайыр ма?

Аудиторияның жас мөлшерлік шамасы қандай болмақ? Олардың қызығушылығында ортақтық бар ма? Тыңдаушылардың білім деңгейі қандай? Олардың экономикалық тұрғыда даярлығы қандай? Тыңдаушылар әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған ба? Бұл тұсқа саяси фактордың қатысы бар ма? Тыңдаушылардың ішіндегі ер адамдар мен әйел адамдардың ара қатынасы қандай? Сөйленер сөзімізден оларға келер пайда қандай болмақ? Осы аудиторияға сөйлер сөзіміздің ерекше мәні неде?

Аудиторияға баға берілгеннен кейін сөйлеу тілімізді мұқият ойланғандықтан жөн. Бұл ретте назар аударылар бір шоғыр мәселелер бар. Мәселен, Тыңдаушылар арнайы терминдерді түсіне ме? Белгілі бір тұсты түсіндіру не сол тұсқа қатысты нақты дәйексөз келтіру қажет пе? Аудиториямен ешқашан да жоғары тонда сөйлеспей (Мәселен, «Бұның не екенін сіздер білмейсіздер, сол себептен де сіздерге түсіндіруге мәжбүрмін» деген тұрғыдағы сөйлемдерді мүлдем қолданбау. Мұның орнына «Бәріміз білетіндей...» деген тіркестерді қолданған абзал); Өзіндік біліміңізбен жоғарғыларға әсер қалдыруға ұмтылмау. Себебі шешім қабылдау үшін, ең керекі жай ақпарат қана. Өзіңіздің әрбір сөйлеген тұсыңызда «диссертация қорғаудың» қажеті жоқ; Тыңдаушылардың бірін ренжітіп аларлықтай терминдерді, иллюстрацияларды не мысалдарды қолданбау.

Аудиторияны тани түсуде өзіндер мен анекдоттардың да өзіндік орны бар. Бұл орайда аудиторияны жандандырамын, қозғалысқа келтіремін деп тақырыпқа қатысы жоқ қызықты оқиғаларды айтпау дұрыс. Айтар әңгімеңіздің негізгі тақырыпқа тікелей қатысы болу керек. Әсіресе, күлкілі оқиғаларды айтпау жөн. Тыңдаушылардың көңіл көтеруге емес, бір нәрсе білуге келгені аян. Бірақ та бұл презентацияның ұйымдастырылу жағынан тиімді, тыңдауға жағымды болмасын деген сөз емес, керісінше, тап солай болуға тиіс; Егер ретін келтіре алмасаңыз, мүлдем өзіндемәу дұрыс. Өзіңдесу ретін екінің бірі біле бермейтінін ескергейсіз; Тыңдаушылардың бірін ренжітіп аламын деп ойласаңыз, күлкілі оқиға не анекдот айтпау, иллюстрациялар қолдануды кейінге қалдыру орынды.

Қысқасы, жоғарыда айтылған кеңестерді ескергенде ғана белгілі бір аудитория алдына шығып сөз сөйлеуде табысқа қол жеткізеріміз даусыз.

А.С.ҚЫДЫРШАЕВ,

педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Оратор и ораторство

У меня есть цитата на любой случай – это лучший способ мыслить оригинально.

Дороти Сейерз

Когда оратор теряет нить мысли и не может продолжать речь, вся его аудитория ощущает неловкость и смущение.

Альфред Адлер

Для того, чтобы иметь право говорить народу, нужно иметь в душе или великую ненависть к его недостаткам, или великую любовь к нему за его страдания; если же нет в душе твоей этих чувств, будь скромнее и много подумай прежде, чем что-либо сказать...

Максим Горький

Чем меньше ораторы знают о своем предмете, тем охотнее их слушают.

Мартти Ларни

Все хорошие ораторы начинали как плохие ораторы.

Ралф Эмерсон

Красноречие – это искусство выражать мысли других.

Эдуар Эррио

Кошки не считают красноречивым любого, кто не может мяукать.

Мария Эбнер-Эшенбах

- P.S. 1. Сейерз Дороти (1893-1957), английская писательница**
2. Адлер Альфред (1870-1937), австрийский психолог
3. Горький Максим (Алексей Максимович Пешков) (1868-1936), русский писатель
4. Ларни Мартти (1909-1993), финский писатель-сатирик
5. Эмерсон Ралф Уолдо (1803-1882), американский писатель
6. Эррио Эдуар (1872-1952), французский политик
7. Эбнер-Эшенбах Мария фон (1830-1916), австрийская писательница.

Подготовил **А.С. ҚЫДЫРШАЕВ,**
д.п.н., профессор

Жауқазын

Қадірлі оқырман! Жаршымыздың әр санын назарларыңыздан тыс қалдырмай оқыған болсаңыз, университетіміздің талай жас таланттарын байқаған боларсыз. Жас дарындарымыз поэзияға ғана емес, проза жанрына да қалам тербеп, қиялында өрбіген туындыларын қағаз бетіне түсіріп жүр. Ізденімпаз жастарымыздың шығармаларын айдарымыздың алдағы сандарынан оқи аласыздар. Ал «Жауқазын» айдарының бүгінгі парағында өз университетімізде өткен Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, ақын А.Бақтыгереваның 70 жасқа толу мерейтойына арналған «Далама, туған өліме жыр арнау-қарыз, борышым» атты республикалық жас ақындар мүшәйрасының бас жүлде иегері Жадыра Ерманованың («Филология:қазақ тілі» мамандығы, 02403-топ студенті) жыр жауһарларын назарларыңызға ұсынамыз.

Сіз және мен

(Ақын Ақұштап апаммен сырласу)

Парызымыз қайтсек, апа, өтелмек?
Қанағатпен бар тапқаным жетер деп.
Сіз бенен мен туған шағын ауылда
Он бес үйдей әлі отырмыз мекендеп.

Оза шабар сөз бәйгесі дегенде,
Құмар едім бала кезден өлеңге.
Мықты ауылда туылыппын Сіз туған,
Мықты ақын шығар ма екен менен де?!

Өр Жайықтай кей кездері тасимын,
(Табиғатқа құдіретті бас идім).
Ауыл жайлы өлең жазып отырам,
Орынында Сіз туылған тас үйдің.

Бабамыздың рухы тұрған биікте,
Бұл өлкені Сіздей біреу сүйіп пе?!
Дұғам менен жырымды оқып қайтамын,
Жан өкеңіз жатқан анау бейітке.

Артта қалды өміріңнің жолы ауыр,
Қашан көрсек құшағыңыз тола гүл.
Бар қазаққа тұлғасыз Сіз, ал мені
Әлі дұрыс танымайды сол ауыл.

Сөзіңізден ұлағатты ұққам көп,
Өзіңізден өжет тілді ыққан көп.
Том-том еңбек жазып жатсыз, ал менің
Ең алғашқы кітабым да шыққан жоқ.

Бұл күндері көңілімде мың күдік,
Мың күдіктің ішінде бір тұрды үміт.
Сіздегі бақ қонар ма екен маған да,
Атыраулық алып кетсе бір жігіт?!

Қай кезде де жақсылыққа жанастың,
Туған елге қамқорлықпен қарастың.
Сізді бәрі көрсем дейді, ал ешкім
Елемейді қара қызын Тарастың.

Жерлестерім – жанашырым. Далам – құт.
Бақылайтын қадамыңды дәл аңдып.
Аман болсын біздер туған сол ауыл,
Екі қызға тілейтін тек амандық.

Қоқыс жәшігіндегі шарана мұңы

Іңгә, іңгә, мама, мені тастама!
Қайда асықтың жанарыңнан жас тама?
Сіз бермеген жан жылуын төгер ме,
Мейірімсіз, тас жүректі тас қала?

Маматай-ау, қате бастың жол үстің,
«Өлтірем» деп неге дәрі көп іштің?
Кең дүниенің ашсам-дағы есігін,
Жәшігіне тастап кеттің қоқыстың.

Бақыт таңы келмес енді бізге атып,
Сіз барасыз омырауды сыздатып.
Телмірумен темір жәшік ішінде,
Мен жатырмын тұла-бойға мұз қатып.

Мен жатырмын, нәр татпадым, қарным аш,
Қанатымен су сеппейді қарлығаш.
Мама, өзің сипамаған маңдайды,
Ит иіскел бара жатыр қаңғыбас.

Қалай ғана жан сырымды жасырам?
Мына жәшік құл-қоқыстан тасыған.
Аппақ сүтті армандаймын, ал мұнда
Арақ ісі мұңкіп жатыр сасыған.

Бәйшешектей жас ғұмырым жұлынды,
Сенен басқа кім тыңдайды мұңымды?
Тар қапасақ лақтырғанша, анашым,
Тал бесікке бөлесеңші ұлынды.

Іңгә, іңгә, мені өмірге әкелдің,
Алып кетші үнін естіп бөпеңнің.
Уайымдама, жүрегіңе жара сап,
Кім екенін сұрамаймын өкемнің.

Өкініштен жас толады көзіме,
Неге құлақ аспай кеттің сөзіме?
Мама, сені енді ешқашан жылатпай,
Өсер едім қорған болып өзіме.

Мама, балаң тағдырына налиды,
Сары аяз күн денемді әбден қариды.
Бұл жәшіктен жаны жомарт жандар кеп,
Байқар ма екен тастап кеткен сәбиді?!

Әй, қайдам!?

«Шешендік мектебі» (Школа ораторского искусства) – «School of oratory» жаршысының жауапты редакторы – А.С.Қыдыршаев, тілшісі – Мөлдір Серікқалиева (02105-топ, «Филология: қазақ тілі» мамандығы)



Эстафета өту барысы екі бөлімінен тұрды. Бірінші бөлімінде «Үздік спорттық жасақ» анықталса ал, екінші бөлімінде «Үздік өнер ұжымы» анықталатын болады. Жарыс басталмас бұрын Батыс Қазақстан облысы жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы Айбек Абатұлы мен және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары БҚО штабының жетекшісі Қанат Болатұлының қатысушыларға айтқан тілек сөздері сарбаздарға ерекше дем берді. Жақсы көңіл-күймен басталған бұл жарысты Нұрбол Есеев «Қазақстан» әнімен одан әрі нәрлей түсті. Орал қаласын гүлдендіруге үлестерін қосып жүрген Маусым айының «Жасыл ел» еңбек жасақтарының сарбаздары жұмыстан тыс уақытта көптеген облыстық іс шараларға белсенді қатысып келеді. Міне, бүгін олардың қатысушылар «Zhasyl эстафета» байқауының бірінші бөлімі спорттық жарыс өтті. Жарыстың мақсаты «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары арасындағы достық қарым - қатынасты нығайту және спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу болды. Ал жарыстың өту барысы бес кезеңнен тұрды. Олар: I кезең «Эстафета»,

«Су жүрген жер – береке, ел жүрген жер – мереке» демекші маусым айының 14-ші жұлдызы күні «Жасыл Ел» жастар еңбек жасағы үшін мереке болды. Олай дейтін себебіміз, бүгін Батыс Қазақстан облысы жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары БҚО штабының ұйымдастыруымен облысымызда тұңғыш рет «Zhasyl эстафета» атты байқауы маусым айының «Жасыл ел» сарбаздары арасында өткізілді.

«Zhasyl эстафета»



II кезең «Капитандар жарысы», III кезең «Кім мерген?», IV кезең «Жанкүйерлер сайысы», V кезең «Кім жылдам?». Бұл кезеңдерде бақ сынайтын әр жасақтан құралған 4- команда олар: «Жас Қыран», «Жігер», «Намыс» және «Еріктілер» өзіндік ұранымен, киім үлгілерімен ерекшеленеді. Жарыс өзіндік бір өзгеше қырымен қатысушылар мен жанкүйерлерді

керемет сезімге бөлеп, жақсы көңіл күй сыйлады және бұл жарысты сыртынан көрген саябақ демалушыларын да бей-берекет қалдырмай, олардың да көңілдерін көтеруіне себепші болды. Жарыстың өту барысында ұйымдастырушылардың да ерен еңбектерін елемеске болмас. Олай дейтін себебіміз, осы іс-шара барысында ұйымдастырушылардың жарқын идеялары жарыққа шықты. Бұл жарысқа белсене қатысқан 4 топтың ішінен суырылып алға шығып, бірінші орынды қанжығасына байлаған «Намыс» тобы, ал оның белсенді мүшелері Қайрат Есенгелдин, Нұргүл Қаблан, Нұржан Анархан және Перизат Илашева. Олар өздерінің алғырлығымен, қырағылығымен алдыңғы белестен көрінді. Жарысқа белсенді қатысқан командаларды марапаттау және «Zhasyl эстафета» байқауының қорытынды кеші 27 маусым күні, Орал қалалық саябағында өткізілмек. Уақыттың қалай өткенін байқамаған қатысушылар мен жанкүйерлерге аса жоғары деңгейде көңіл-күй, өшпес естеліктер сыйлағаны үшін «Жасыл Ел» штабының жетекшісі Қанат Болатұлы Досмағамбетовпен «Жасыл ел» штабының менеджері Жанерке Таулбайқызы Тапаеваға сарбаздардың атынан алғысымызды білдіреміз.

Перизат ИЛАШЕВА,
М.Өтемісов ат. БҚМУ 4-курс студенті,
«Жасыл Ел» жастар еңбек жасағының мүшесі

2014 оқу жылы бойынша III жазғы еңбек семестрінде маусым, шілде, тамыз айлары бойынша «Жасыл ел» көгалдандыру бағдарламасы бойынша университеттен 240 студент жұмыс жасауға ниет білдірді. Маусым айы бойынша «Жігер» жасыл ел жасағының командирі «Тарих» мамандығының 3 курс студенті Мейрамгүл Тәжіғараева құрамында 60 студент; Шілде айы бойынша «Альтаир» жасыл ел жасағының командирі «Математика» мамандығының 3 курс студенті Жарқынай Джамбулова құрамында 60 студент; Тамыз айы бойынша «Аманат» жасыл ел жасағының командирі «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті Гүлфәни Ерсайынова құрамында 60 студент; «Болашақ» жасыл ел жасағының командирі «Филология: қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті Күміс Даулетияр құрамында 20 студент.

Студенттік құрылыс жасағы бойынша III жазғы еңбек семестрінде маусым айы бойынша «Алаш» жасағының командирі «Құқықтану» мамандығының 2 курс студенті Хакимбек Атадусов жасағында 22 студент жұмыс жасайды; «Сұңқар» жасағының командирі «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2 курс студенті Даулет Бергенбайұлы жасағында 16 студент жұмыс жасайды; «Серпін» жасағының командирі «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті Әмірашев Нүркен жасағында 15 студент жұмыс жасайды; «Еңбек» жасағының командирі «Музыкалық білім» мамандығының 2 курс студенті Ақжан Ғұмар 14 студент жұмыс жасайды; «Болашақ» жасағының командирі «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 3 курс студенті Талаат Убинминов 14 студент жұмыс жасайды; Шілде айы бойынша «Қайсар» жасағының командирі «География» мамандығының 2 курс студенті Исламғали Архат жасағында 13 студент жұмыс жасайды; «Прогресс» жасағының командирі «Физика» мамандығының 2 курс студенті Нұрхат Ораш 8 студент жұмыс жасайды.

Көңіл айту



Карасаева Алмагүл Исмағұлқызы 1955 жылдың 1 қарашасында Жымпиты (Сырым) ауданында дүниеге келді.

1975 жылы физика-математика факультетін үздік аяқтап, туған Жымпиты ауданында мұғалім болып жұмыс жасады.

1979-2013 жылдар аралығында физика және математика кафедрасында оқытушы, аға оқытушы ретінде жұмыс атқарды.

1999 жылдың ақпанынан 2000 жылдың наурызы айына дейін физика-математика факультеті деканының орынбасары болды. Университет ректорының грамоталарымен марапатталды. Физика және математика кафедрасында 30 жылдан астам уақыт жұмыс жасаған Карасаева Алмагүл Исмағұлқызы 59 жасқа қараған шағында өмірден өтті. Физика-математика факультетінің ұжымы туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Сіздердің өмірде ұлы ғажайыбыңыздың барын естен шығармаңыз, ол ғажайып-бездің өміріміз.

Егер сен қиын, жанжалды немесе қауіпті жағдайға тап болсаң, тұйық жағдай болмайтыны есіңе түсір. Өрқашан шығар жол бар, тек оны табу қажет. Біздің кеңесімізге еріп отырсаң дұрыс шешім қабылдай аласың.

Сенім телефоны (анонимді):

54-90-90. 8-778-907-99-81. Сағ 8.00-ден 23.00-ге дейін.

Маңызды телефондар:

Балалардың құқығын қорғау бөлімі: 50-84-45

Кәмелет жасқа толмағандардың ісін жүргізу инспекциясы:

98-40-13; 51-28-02

Ресурстік жасөспірімдер орталығы: 24-72-25 (заңгердің кеңесі)

Полиция: 102.

ПОМНИТЕ!

Что у вас есть самое великое чудо на свете – это ваша жизнь!

Если ты попал в сложную, конфликтную или опасную ситуацию, то вспомни, что тупиковых ситуаций не бывает. Всегда есть выход, надо только его найти. Следуя нашим советам, ты можешь принять правильное решение.

Телефон доверия (анонимно):

54-90-90. 8-778-907-99-81. С 8.00 до 23.00

Важные телефоны:

Отдел по защите прав детей: 50-84-45

Инспекция по делам несовершеннолетних: 98-40-13, 51-28-02.

Ресурсный центр молодежи: 24-72-25 (консультация юриста)

Полиция: 102

Құттықтаймыз!

2014 жылдың 10 ақпан мен 31 наурыз аралығында ұйымдастырылған Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының Қоры жариялаған «Болашақтың ғалымдары» атты студенттер арасында табиғи, техникалық және гуманитарлық ғылымдары бойынша республикалық үздік ғылыми жұмыстар байқауының гуманитарлық бағытының қорытындысы бойынша «БҚО тұрғындарының көші-қон көңіл-күйлері» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысымен тарих және құқық факультеті 5В050100 «Әлеуметтану» мамандығының 3 курс студенті **Бекетова Фариза** (ғылыми жетекшісі оқытушы Асхат Аменов) жеңімпаз атанды. Университет ректораты Бекетова Фаризаны құттықтай отырып, ғылым мен білім атты биіктен орын алған жұлдызының одан әрі жарқырауына, еселі еңбегімен сүбелі жетістіктерге жете беруін тілейді!



2014 жылдың 16-17 мамыр күндері Түркістан қаласында «Спорт шеберлері» арасында самбо күресінен Қазақстан Республикасының Чемпионатында I орынға ие болған «Дене тәрбиесі» кафедрасының оқытушысы **Хасанғалиев Теміржан Сұлтанұлын** және Атырау облысы Қызылқоға ауданы Миялы ауылында Спорттық АДС Джиу-Джитсудан MIX ережесі бойынша Қазақстан Республикасы кубогінде II-орынға ие болған БӘД мамандығының 05306 топ студенті **Жанғалиев Амангосы, оқытушы – жаттықтырушысы Шаңдозтегі Асхат Тұрланұлын** жеңістерімен құттықтаймыз. Алдағы уақытта үлкен биіктерден көрінуге тілек білдіреміз. БҚМУ спорт клубы және «Дене тәрбиесі» кафедрасының ұжымы.



ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индексі 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

КОРРЕКТОР:

Р.Б. СҰЛТАНҒАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР:

Гүлфәни ЕРСАЙЫНОВА, Данагүл ЕРҒАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.